

Толеранттылық – бұл топтық тиістілігіне қарамастан, бір адамның екінші адамға сенімді қатынас танытуы.

Тәжірибелік-педагогикалық жұмыстың қорытындысы бойынша төмендегідей ұсыныстар жасауға болады:

- толерантты мінез-құлықты қалыптастырудағы маңызды жағдай жағымды аймақтық білім саясатын құру;
- қоғамдық сананың ең басты белгілерінің бірі ретінде адамгершілік тәрбиені - тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруда басшылыққа алу қажет етеді;
- оқу-тәрбие үдерісінде студенттердің толерантты мінез-құлық ерекшеліктерін есепке алу;
- конфликтілік жағдайларда адамдарға мінез-құлықтың қандай формалары тән, оның жағымды және жағымсыз жақтарына назар аудару;
- студенттердің толерантты мінез-құлық мәдениетін қалыптастыратын жаңа технологияларды жетілдіру керек.

Әдебиеттер

1. Декларация принципов толерантности. Утверждена Генеральной конференцией ЮНЕСКО от 16 ноября 1995 года // Век толерантности: Научно-публицистический вестник. М.: МГУ, 2001. 137с.
2. Мәдениеттану: жоғарғы оқу орындары мен колледж студенттеріне арналған оқулық. - Алматы: Раритет, 2005.- 416 б.
3. Солдатова Г.У., Нестик Т.А. Историко-эволюционная перспектива человечества: от парадигмы конфликта к парадигме толерантности. Национальный психологический журнал, 2011.
4. Қартбаева Ж. Толерантты мінез-құлықты қалыптастыру мәселесіне тарихи-методологиялық талдау // Сыныптағы тәрбие. - 2008. Б.-7-11

Бельгибаева Г.Қ., Асылбек Л.

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Абдикаримова Г.Ж., Бижанова М.Д.

КММ «Шапағат балалар үйі», Қарағанды қ.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ МЕКТЕПКЕ ДАЙЫНДАУ – БІЛІМНІҢ БАСТАУЫ

Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі ұлттық даму стратегиясымен тығыз байланысты мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып табылады. Бала - біздің болашағымыз. Олай болса, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту баланың ғана емес, еліміздің де жарқын болашағының кепілі. Ол – үздіксіз білім берудің алғашқы деңгейі. Сондықтан, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың негізгі мақсаты – баланың жеке басының қалыптасуы мен дамуы болып отыр.

«Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» мектепке дейінгі ұйымдар мен мектептер арасындағы байланыс басты мәселе болып отыр. Бұл мәселенің негізгі басты проблемасы жүйелі оқуға дайындау болып табылады [1]. Және де, осы мемлекеттік бағдарламалар негізінде мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеу мақсатында, мынадай міндеттерді ұстануымыз қажет:

- тәжірибелік, танымдық, шығармашылық іскерлігі мен басқа да бала әрекеті түрлерін қалыптастыру;
- ұлтжандылық пен халқымыздың мәдени-тарихи дәстүрлері негізінде тәрбиелеу арқылы бала бойына жалпыадамдық, мәдени және адамгершілік құндылықтарды дарыту;

- полиэтникалық және полимәдени мегаполисте ұлтаралық қатынастардың үйлесімділігін сақтауға негіз болатын ұлтаралық қатынас мәдениеті негіздерін қалыптастыру;

- баланы дүниежүзілік және жалпыұлттық құндылықтар рухында тәрбиелеу мақсатында отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның бірлескен мүмкіншіліктерін пайдалану;

- әр баланың тұлғалық қасиеті және оны ауыспалы өмір жағдайында әрі қарай сәтті дамыту мақсатында өзін-өзі тану, өз ойын еркін білдіру және оны іске асыру дағдыларын жетілдіру;

- салауатты өмір салты негіздерін қалыптастыру мақсатында баланың толыққанды физиологиялық дамуын қамтамасыз ету үшін қолайлы кеңістік құру;

- әр баланың интеллектуалдық қабілеттері мен шығармашылық әлеуетін дамыту;

- мектепте білім алуға жан-жақты дайындау.

Мектепке дейінгі 5-6 жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқытуды ұйымдастыру мынадай тәрбиелікүстанымдарға сүйенеді:

- мәдени сәйкестілік ұстанымы – аймақтық, ұлттық және әлемдік мәдени құндылықтарды пайдалану арқылы балалар ұйымының жұмысын мәдени орталық қатынас жасау арқылы ұйымдастыру;

- тәрбиелей отырып оқыту – баланың нақты ақыл-ойы мен тәжірибелік әрекетін іске асыра отырып, оның бойынаұйымшылдық, тәртіптілік, ұқыптылық, жауапкершілік қасиеттерін қалыптастыру;

- жас ерекшелігі мен жеке ерекшеліктеріне байланысты қатынас жасау – балалардың жасы мен субъективті тәжірибесіне сәйкес тақырып мазмұны мен жұмыс тәсілдерін таңдау;

- жүйелілік – оқу материалын таңдау мен оны дұрыс жеткізу, оқыту мен тәрбиелеу мазмұнын байыту;

- түйсіну мен белсенділік ұстанымы – балалардыңоқу материалын дұрыс түсінуі, қабылдауы мен ақыл-ойының, танымдық үдерісінің дамумәселелерін қарастырады;

- қызметтік қатынас ұстанымы – оқыту мен тәрбиелеу үдерісін бала әрекетін ұйымдастырудың түрлері мен формаларына танымдық компоненттерді кірістіре отырып жүргізуді көздейді;

- адамгершілік ұстанымы – педагогтің бала пікірімен санасып, оның сезімі мен көңіл күйін ескеріп, өзіне тең құқылы серіктес ретінде қабылдай отырып, бойына жоғары адами құндылықтар – отаншылдық, туған жерге деген махаббат сезімін дарыту;

- көрнекілік ұстанымы – оқытудың эмоционалдық және көрнекілік технологияларын үйлесімді қолдану арқылы қоршаған әлемді қабылдау мен тануға мүмкіншілік туғызу;

- креативтілік ұстанымы – мектепке дейінгі балалардың бойында бұрын қалыптасқан дағдыларын өзіндік іс-әрекет жағдайларында қолдану мүмкіндіктерін арттыру арқылы шығармашылыққа тәрбиелеу. Сол арқылы қалыптан тыс міндеттер мен проблемалық жағдайлардың шешімін өздігінен таба білу қажеттіліктерін қолдап, одан әрі жетілдіруге ынталандыру[2].

Мектепке дейінгі ересек жастағы баланы тәрбиелеу мен дамытудың қорытынды нәтижесі - үлкендермен және құрдастарымен қалыпты қарым-қатынаста болаалатын, негізгі құзыреттілікті және дене тәрбиесі, салауатты өмір салты негіздерін меңгерген, мектепте оқуға дайын тұлғаны қалыптастыру болып табылады.

Мектепалды даярлық балалардың психикасының басты ерекшелігі – баланың тез қабылдайтындығы. Осыған байланысты мағлұмат беретін сөздерді оңай меңгереді. Балада тіл мен танымдық процестерді игеруге деген құлшыныс байқалады. Осы шақта тіл екі бағытта дамиды: бірінші бағытта сөздік қоры қарқынды жинақталып, айналадағы адамдармен сөйлейтін тілдің морфологиялық жүйесі меңгеріледі, тілдің әсерімен танымдық процестер: зейін, қабылдау, ес, елестету, ойлау жаңаша өзгерістерге ұшырайды. Сөздік қордың артуы мен танымдық процесінің дамуы тұрмыс пен тәрбие жағдайына тікелей байланысты.

Баланың психикасын дамытудағы басты фактор – баланың өзіндік нанымын дамытуға көңіл аудару. Баланың жан дүниесімен сырласу арқылы оның бойында ұнамды қылық пен жағымды мінез қалыптастыру, айналасындағы адамдармен қарым-қатынас жасауға үйрету. Көңілі көтеріңкі бала өзістеген әрекеттерді сенімділікпен орындайды. Сабақ процесінде баланың ойлау әрекеттерін өрістету үшін оқып-үйретуге қажетті нәрселерін ұстатып, түрлі әрекеттер жасау тиімді. Әр алуан қимыл-қозғалыстар арқылы бойындағы күш-қуаты мен іс-қимылын жетілдіретін қызықты ойындармен шұғылдандыру қажет. Ондай ойын түрлері баланың сан қилы ситуациялық жағдайға шапшаң икемделуін дамытып, олардың тапқырлығы мен оралымды болуын талап ететін жарыс түрінде ұйымдастырған негіз.

Мектепалды даярлық тобында оларды оқыта отырып, алдына мынадай қағидаларды мақсат етеді:

1. Әр баланың бойындағы жеке қабілетін анықтау.

2. Баланың бейімділігіне қарай қабілетін шығармашылық дағдысын қалыптастыру үшін оларды жеткілікті түрде жаттығу жұмыстарымен, көмекші құралдармен қамтамасыз ету.

3. Балалардың ерекше және пайдалы деген ойларын, пікірлерін, еңбектерін бағалап, мадақтап отыру.

4. Сұрақ қоя білуге және жауап беруге үйрету [3].

Мектепалды даярлық тобындағы балалар өзінің алдына қойған белгілі бір ойларын, мақсаттарын шындық жолмен шешуге тырысады. Ол өзіне нақты жағдайды көз алдына келтіріп, өзінің танымында әрекет етеді. Мектепалды даярлық тобындағы балалардың жеке тұлғалық дамуы жаңа білімді меңгеруімен, жаңа сапа мен қажеттіліктің пайда болуымен сипатталады. Баланың сезімталдығы, интеллектуалдылығы, іс-әрекеті, күш-қайраты дамиды.

5-6 жастағы балалардың сөздік қорының дамуы негізгі екі бағытта жүреді: біріншіден сөздік көбейеді, тілдің морфологиялық жүйесін меңгереді; екіншіден сөз-таным процесі қалыптасады (зейін, ес, ақыл-ой, қиял, қабылдау). Осылар арқылы сөздіктің кеңеюі, грамматикалық қатарының дамуы өмір жағдайынан туындайды. Көркем әдебиет бойынша балалар сурет негізінде сөйлеуге, ойлау қабілеті арқылы сөз, сөйлемдерді байланыстырып айтуға, жұмбақ шешуге, жаңылтпаштарды жаңылмай айтуға, ұлттық салт-дәстүріміз бен ұлттық киім үлгілері, ою-өрнектің сырларымен, табиғаттың таңғажайып сыйларымен, тәрбиелік тағылымы мол әңгімелерімен танысады. Мектепалды даярлық тобындағы балада жеткілікті дамыған қиял қалыптасады. Бала өзінің қиялында өзін жақсы көрсететін түрлі жағдайларды ойластыраалады. Ойын барысында қалыптаса отырып, қиял іс-әрекеттің басқа да түрлеріне ауысады. Бұдан шығармашылық сипатында үлкен вариативтік байқалады: бір балалар ақиқат шындықтың қайта құрылуына бағытталса, басқалары фантастикалық бейнелер мен жағдайлардың құрылуына бағытталады. Суреттегі ертегілердің ішінен «Мен сиқыршы болсам» деген тақырыпты оқытқанда баланың арманын, қиялын, ақыл-ойының ұшқырлығын байқауға болады. «Арманы бар адамның бойында қайнар қуаты, алдында жанар мұраты бар» деген дана сөздердің мәні түсіндіріледі. «Бала тәрбиесі-бесіктен» деген тәрбиелік ұғымды әрдайым есте сақтаған қазақ халқы баласын алдымен, халықтық дәстүрде тәрбиелеуді ұстанған. «Автобустағы оқиға» тақырыбын өткенде берілген екі суретті салыстыра отырып, айырмашылығын айыра алады. «Атаңа не істесең, алдыңа сол келеді» мақалының мағынасы ашылып талданады. Халық қашан да өскелең ұрпақты тәрбиелеудің мәнін, оның қиындығы мен қуанышын, одан шығатын нәтижені біліп отырған. Осы тұрғыдан қарағанда, ауыз әдебиетіндегі шағын жанрлар – мақал-мәтелдер, жұмбақтар, санамақтар, жаңылтпаштар, ойын-өлеңдерінің әрқайсысының баланың ой-өрісін, дүниетанымын, қиялын, тілін дамытуда, тәлім-тәрбиесінде алар орны ерекше. Мақал-мәтелдер – ұзақ жылдар бойы халықтың іс-тәжірибесінен түйінделген даналықтың жемісі. Мақал-мәтелдер – әр кезеңде ата-бабалардан ұлағатты сөз, парасатты ой ретінде ұрпақтың еншілеген мол қазынасы. Олар көлемі жағынан шағын болғанымен, мазмұны кең, ойы терең, тілі өткір де бай мұра. Токсан ауыз сөздің тобықтай түйінінде халықтың өмір сүру барысындағы тәжірибесі, көңілге түйген ақылының кені жатыр. Мысалы: тіл өнері, сөз қадірі туралы мақал-мәтелдердің де үйретері мол [4].

Тіл қылыштан өткір.

Ойнап сөйлесең де, ойлап сөйле,- деп ескерткен.

Мақал-мәтелдер балаға айтатын ойын қысқа да нұсқа түрде жеткізуге үйретеді, сөз қадірін түйсіндетеді.

Баланың ойлау қабілетін дамытатын, танымын кеңейтетін тамаша үлгінің бірі – жұмбақ. Ол халықтың ойынан, қиялынан туған ұшқыр да бейнелі шығармасы. Қазақ халқында жұмбақ ерте заманнан қолданылып, қарым-қатынас жасаудың ерекше бір құралына айналғаны белгілі. Үлкендер арасында адамды тану, сынау, әзіл-қалжың, шешендік шеберлігін байқату ойын түрінде қолданылса, балалар үшін жұмбақты дүниенің қыр-сырын білдіруге, танымы мен қиялын ұштауға, тіл шеберлігіне, ой жүйріктігіне баулу мақсатында қолданылған. Жұмбақтар нәрсенің, заттың, құбылыстың жалпы сыртқы көрінісін сипаттау, ішкі мазмұнын білдірту, екінші бір нәрсемен салыстыру, нәрсеге теңеу, ұқсату, баламалау, әсерлеу мазмұнында беріледі. Жұмбақтың осындай тілдік ерекшеліктерін балаға анықтап жеткізе білу, туған тілінің байлығын сезінуге, тілдік қолданыс ерекшеліктерін тануға, сөз сипаттау, сөйлеу мәдениетін үйренуге, өз ойын шебер де мәнерлі етіп жеткізе білуіне, шығармашылық қабілетін өсіруге көптен-көп көмегін тигізеді [4, 596].

Халық ауыз әдебиеті үлгілері ішінде балаларға арналған жаңылтпаштардың да өзіндік мәні бар. Әдетте жаңылтпаштар айтылуы қиын, жеке дыбыстар мен сөздерден тұрады. Мысалы: «р» дыбысын дұрыс айтуды

Торта қойдым,

Орта қойдым.

Орта қойдым,

Жорта қойдым,- деп, жаңылтпаш арқылы үйренеді.

Жаңылтпаштар баланы мүдірмей, шапшаң сөйлеуге үйретеді, тіл мүкістігін түзетеді, сөйлеу манеріне жаттықтырады. Жаңылтпаштар баланы сөз мағынасын бұрмаламай, абайлап, анық сөйлеуге үйретеді. Айналадағы көріністермен, құбылыстармен таныстыратын қызықты жанр. Мектепалды даярлық тобында «Қатынас» білім саласы, сауат ашу және жазу ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде сөйлем, сөз, буын, дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажырата білуге үйретеді. ҰОІӘ кезінде балалардың тілін ширатуды сөз, сөйлем ойлау, сурет бойынша әңгіме құрау, ребус сөзжұмбақтарды шешу кезінде ойын өлеңдерінің атқаратын рөлі зор. Ауыз әдебиетіндегі «Қуыр-қуыр-қуырмаш», «Ұшты-ұшты», «Кім керек?» т.б. ойын өлеңдері баланың танымын кеңейтіп, байқампаздыққа, зеректікке тәрбиелейді. Сол сияқты жан-жануарлар, аң-құстар, табиғат құбылыстары жайында «Бір қазан сүт», «Қарға, қарға, қарғалар», «Сауысқан», «Түйе, түйе, түйелер» т.б. өлең-тақпақтар да баланың танымын кеңейтіп, тілдерін ширатады. Мысалы, «Бір қазан сүт» өлеңарқылы іс-әрекеті кезіндегі қалпын, өзіне тән дыбысталуын біледі, ол дыбыстарды бейнелейтін сөздерді үйренеді. Осыған еліктеп, басқа да құстардың, аңдардың дыбыстануына мән бере бастайды. Балалардың тілін ширатуда, сөздік қорын молайтуда, бейнелі, көркем сөйлеуге үйретуге, сөйлеу мәдениетіне тәрбиелеуде «Қуыршақ театрының» атқаратын маңызы зор. Баланың көркем әдебиетте оқыған қазақ ертегілерін тек қана сөйлем құрап сөздік қорын молайту емес, асқан шеберлікпен рөлдерге бөліп орындауда дауыс екпініне мән беріп, ертегі кейіпкерлерін бейнелеуде жауапкершілікті, шеберлікті қажет етеді. Баланың жағымды және жағымсыз кейіпкерлерді бейнелеуде балаға берер тәрбиенің мәні зор. Мысалы: «Қарылғаштың құйрығы неге айыр?», «Мақта қыз бен мысық», «Қожанасыр мен хан», «Алдар көсе мен Шықбермес Шығайбай» ертегілерін орындауда адам бойындағы жақсы, жаман қасиеттерді, сараңдық пен қулық сияқты мінездерді ажыратып әшкерелейді. Сонымен қатар, балалардың ішінен кейбіреулері дыбыстарға тілі келмей қиналатын тәжірибеде жиі кездеседі. Сондықтан, баланың сөз манеріне зер салу, оны жетілдіру ісі асқан ыждағаттылықты қажет етеді. Сөздің дыбысталу ерекшелігін байқап, үн ырғағына, дауыс екпініне мән беріп, тек сөздің, дыбыстың айтылу мәнісіне ғана емес, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру ең басты міндеттеріміздің бірі болып саналады. Баланың ана тілін жүйелі таза, еркін сөйлеу тәсілдерін мектепке дейінгі кезеңде меңгертуге тиіспіз [5].

Мектепке дейінгі қоғамдық тәрбие халыққа білім беру жүйесіндегі сәбилерді жан-жақты тәрбиелеуде ең негізгі, жауапкершілігі зор бастауыш саты болып табылады. Неге десеніз, адам баласына тән қасиеттер бала бойында осы кезеңде қалыптасады. Сондықтан да мектепке дейінгі тәрбие орындарында жүйелі білім беру мектептегі оқытудың басты ірге тасы болып табылады.

Әдебиеттер

1. ҚР МЖМБС 1.001-2009. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту. Негізгі ережелер.
2. Өтетілеуов Е. «Балақай» - Алматы: Жалын баспасы, 1986.- 44-45б.
3. Соловьева Е.В., Коренькова Л.Г., Копытова В.И. Математика и логика для дошкольников. – Алматы, 2007.- 32с.
4. На пороге школы: Методические рекомендации для воспитателей. Т.Н.Доронова и др. – Алматы, 2007.-160с.
5. Терпугова Е.А. Валеологическое воспитание детей дошкольного возраста. - Ростов н/Д: Феникс, 2007. - 258с.

Бельгибаева Г.К., Жумкина Д.Б., Қайырбекова Т.К.
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті,
Рабаданова Р.С.

Мәскеу мемлекеттік технология және басқару университеті

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ДАМУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазақстандағы білім беру саласын жетілдіру бойынша Мемлекет Басшысы Н.Ә.Назарбаев 2012 жылғы 14 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында түбегейлі жаңа мақсаттар қойылып, білім саласы жеке жетілдіру бағыты ретінде көрсетілген. Өйткені, білім – ұлттың бәсекеге қабілеттігін арттырудың басты құралы болып табылады.[1]

Қазақстандағы білім беру реформаларының жалпы мақсаты білім беру жүйесін жаңа әлеуметтік-экономикалық ортаға бейімдеу болып табылады. Елбасы мемлекетімізді әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына енгізу туралы міндет қойған болатын. Білім беру жүйесін жетілдіру осы мақсатқа қол жеткізуде маңызды рөл атқарады. Білім беру саласындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатын іске асырудың ұйымдастырушылық негізі – қазақстандық білім беру саласын жетілдіруді жалғастырылуын қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы болды. Бағдарлама білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың ұйымдастырушылық негізі ретінде білім беру мен тәрбиенің, басқару жүйесінің, білім беру қызметі субъектілерінің құқықтық-ұйымдастырушылық нысандарының және қаржы-экономикалық тетіктерінің құрылымындағы, мазмұны мен технологияларындағы өзгерістерді қамтитын ресурстары мен мерзімі бойынша бір-бірімен өзара байланыстағы іс-шаралар кешені болып табылады.

Білім беру саласын жетілдіру бойынша 2011 жылы білім саласын дамытудың заңнамалық әрі идеологиялық негізі қаланған болса, 2012 жылы білім және ғылым саласында көптеген жаңартулар болды. Бірқатар маңызды жетістіктерге қол жеткізілді. 40-тан астам түбегейлі жаңа базалық механизмдердің көпшілігі тәжірибеге енгізілді. Мектепке дейінгі тәрбие жүйесінде «Балапан» бағдарламасының арқасында балаларды қамту 2011 жылдан екі есе өсіп, 71,5%-ға жетті. Екі жыл ішінде бұл көрсеткіш бойынша дамыған елдердің деңгейіне жақындаймыз (80% жуық). Мемлекеттік – жеке әріптестік, жан басына қаржыландыру механизмдері іске қосылды. [2]